**Бекітемін:**
**Мектеп директоры**
**М.С. Нидерквель**
**«2» -------------2024 ж.**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 – 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Қ. Шайменов атындағы «Балдырған» шағын орталық тобы
**Топ «Балдырған» аралас жас тобы**
**Жоспардың құрылу кезені** 2024 оқу жылы қыркүйек айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | | |
|---|---|---|---|
| | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
| *Дене шынықтыру* | • жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары;<br>• **негізгі қимыл түрлерін дамыту;**<br>• саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен<br>• бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру. | • Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.<br>• Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын | .Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бүгу.<br>• жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау;<br>• Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;<br>• Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.<br>• Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау; | • Спорттық ойын элементтері: |
| *Сөйлеуді дамыту* | • дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;<br>• халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;<br>• балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту.<br>• ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. | • Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>• сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,<br>• суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу;<br>• Балаларға балабақша туралы суреттер сериясы бойынша, мнемокарточкалар мен зияткерлік картаға сүйеніп әңгімені құрастыруға үйрету; | • Тілдің грамматикалық құрылымы<br>• Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.<br>• зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).<br>• Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. |
| *Көркем әдебиет* | • ертегілердің, әңгімелердің, тақпақтардың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалауға;<br>• тақпақтардың интонациясын қабылдауды;<br>• оқылған өлеңді тыңдауда шыдамдылыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.<br>• балаларға жиһаздарды атап айтуға үйрету. | • ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>• Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету.<br>• Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>• Тақпақтағы сөздер арқылы балалардың тілін есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту | • Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту.<br>• Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету;<br>• әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары туралы түсініктерін қалыптастыру<br>• үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| *Сенсорика* *Математика негіздері* | • заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;<br>• көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; | • Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету<br>• Тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу.<br>• Балалардың жиыны бір | Жиын:<br>• әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру;<br>• заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | • балаларды әр түрлі геометриялық бөлшектерді бауға тізбектеуге үйрету.<br>• Ұсақ қол моторикасын дамыту. | және екі саны көп немесе аз ойыншықтар топтамаларын салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру<br>• зейін ақыл ой есте сақтау ортақ қасиет бойынша салыстыру жалпылау бөле білу қабілеттерін дамыту | салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.<br>• 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету<br>• 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. |
| *Қоршаған ортамен таныстыру* | • тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>• жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>• өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>• жануарлардың дене бөліктерін атауға үйрету (танау, құйрық, аяқтар) | • Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>• ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;<br>• Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту;<br>• өзінің отбасы туралы әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру; | • Бала, оның отбасы, үйі:<br>• баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету;<br>• балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру.<br>• Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қазақ тілі* | | Тілдік дамытушы орта.<br>• Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, баулу.<br>• Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>• Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>• Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. | • Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>• Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>• Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>• Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Құрастыру* | • құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруды үйрету;<br>• әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары;<br>• материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел<br>• үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр); | • Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру<br>• Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып.<br>• құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып,<br>• дайын болған құрылыспен бірге ойнату. | Заттық сурет салу.<br>• Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>• Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.<br>• Қағаздан құрастыру.<br>• «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Сурет салу* | • балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.<br>• Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;<br>• Түзу көлденең сызықтар жүргізу арқылы парақ бетіне бейнені орналастыруға үйрету.<br>• қарындашты дұрыс ұстай алуды үйрету. | Заттық сурет салу.<br>• Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>• көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн).<br>• Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.<br>• Балаларды түстерді дұрыс орналастыруға сыртқа шығармауын қадағалау. | Заттық сурет салу.<br>• Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>• көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн).<br>• Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>• Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Мүсіндеу* | • балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;<br>• балаларды сазбалшық, ермексазбен таныстыру.<br>• сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;<br>• балаларға сазбалшықпен жұмысты дұрыс пайдалануын үйрету. | Заттық мүсіндеу:<br>• сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру.<br>• Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>• Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).<br>• Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру | • Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:<br>• түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу.<br>• Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br>• Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Жапсыру* | • балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;<br>• дайын үлгіні қағаз бетіне орналастырып қоя білуге үйрету.<br>• Сары түспен таныстыру.<br>• фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру | • Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;<br>• Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру.<br>• Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.<br>• Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. | Заттық жапсыру:<br>• қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>• Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>• Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>• Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. |

**Бекітемін:**
**Мектеп директоры**
**М.С. Нидерквель**
**«__» ______________2024 ж.**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 – 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Қ.Шайменов атындағы «Балдырған» шағын орталық тобы
**Топ «Балдырған» аралас жас тобы**
**Жоспардың құрылу кезені** 2024 оқу жылы қазан айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | | |
|---|---|---|---|
| | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
| *Дене шынықтыру* | • жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары;<br>• **негізгі қимыл түрлерін дамыту;**<br>• саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру.<br>• секіру. | Негізгі қимылдар:<br>• Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру;<br>• белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>• қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. | • Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>• Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қимылды ойындар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | • секіру. | • Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>• Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. |
| *Сөйлеуді дамыту* | • дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;<br>• халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;<br>• балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту. | • Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>• Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>• Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>• Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. | • Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>• ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>• Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Көркем әдебиет | | • тақпақтардың интонациясын қабылдауды;<br>• кейіпкерлердің пайда болуын, олардың өзара әрекеттерін қадағалауға; | • Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>• Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>• Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. | • Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды дұрыс айтуға.<br>• үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| Сенсорика | Математика негіздері | • заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен<br>• үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау;<br>• - көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; | Шама<br>• Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>• Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру. | Сан, санау<br>• 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қоршаған ортамен таныстыру* | • тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>• Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету.<br>• Көгөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; | Заттық әлем:<br>• Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>Адамгершілікке баулу<br>• Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. | Заттық әлем.<br>• Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>• Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.<br>Еңбекке баулу.<br>• Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>• Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қазақ тілі* | | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>• Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Сөздік қор.<br>• Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. | Тілдік дамытушы орта.<br>• Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Құрастыру* | • құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету;<br>• әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары;<br>• материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел<br>• үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр); | • Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып,<br>• өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. | Құрылыс материалдарынан құрастыру.<br>• Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.<br>• Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>• Қағаздан құрастыру.<br>• «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Сурет салу* | • сурет салу техникасын жетілдіру;<br>• балаларды қарындашты дұрыс ұстауға қадағалау. | • Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.<br>• Балаларды түстерді дұрыс орналастыруға сыртқа шығармауын қадағалау. | • Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>• Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. |
| *Мүсіндеу* | • сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;<br>• балаларға сазбалшықпен жұмысты дұрыс пайдалануын үйрету. | • Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).<br>• Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. | Заттық мүсіндеу.<br>• Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br>• Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Жапсыру* | • фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру | • Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Үнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.<br>• Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. | Заттық жапсыру:<br>• Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. |

Бекітемін:
Мектеп директоры
М.С. Нидерквель
«1» ---------------2024 ж.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 – 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Қ.Шайменов атындағы «Балдырған» шағын орталық тобы
**Топ «Балдырған» аралас жас тобы**
***Жоспардың құрылу кезені*** 2024 оқу жылы қараша айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | | |
|---|---|---|---|
| | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
| *Дене шынықтыру* | • Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:<br>• қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>• заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>• қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;<br>. | Негізгі қимылдар:<br>• Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>• Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.<br>• Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды | Негізгі қимылдар:<br>• Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;<br>• Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру<br>• Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>• Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. | келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>• Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. |
| *Сөйлеуді дамыту* | • көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>- дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>- пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. | • Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>Байланыстырып сөйлеу:<br>• Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. | • Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>• Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>• Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Көркем әдебиет* | • қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>• кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>• Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. | • Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>• Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>• Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. | • Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау,<br>• мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру |
| *Сенсорика*<br>*Математика негіздері* | • қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>• түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>• қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>• түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ | Шама<br>• Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>• Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу. | Сан, санау<br>• Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>• Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>• 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қоршаған ортамен таныстыру* | • қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>• қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру;<br>• табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>• өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; | Заттық әлем:<br>• Қазақ халықының тұрмыс заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.<br>• Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>Еңбекке баулу<br>• Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br>• Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. | Заттық әлем.<br>• Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.<br>Еңбекке баулу.<br>• Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою.<br>• Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.<br>• Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қазақ тілі* | • | Сөздік қор.<br>• Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>• Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>• Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. | • Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>• Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Құрастыру* | • өз өмірінің қауіпсіздігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру.<br>• Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. | • Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау,<br>• өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. | • Құрылыс материалдарынан құрастыру<br>• Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>• Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| *Сурет салу* | • заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>• үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру.<br>• Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. | • Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>• Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>• Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | • Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.<br>• Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Мүсіндеу* | • материалға ұқыпты карауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>• Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. | • Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>• Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. | • Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>• Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.<br>• Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |
| *Жапсыру* | • құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу;<br>• желімсіз жапсыру техникасын игеру;<br>• Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. | • Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>• Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. | • Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br>• Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>• Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. |

**Бекітемін:**
**Мектеп директоры**
**М.С. Нидерквель**
**«___» ---------------2024 ж.**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 – 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Қ.Шайменов атындағы «Балдырған» шағын орталық тобы
**Топ «Балдырған» аралас жас тобы**
**Жоспардың құрылу кезені** 2024 оқу жылы желтоқсан айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | | |
|---|---|---|---|
| | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
| *Дене шыдДене шынықтыру* | • негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>• жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>• салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>• қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату,<br>• қолды көтеру, түсіру, | Негізгі қимылдар:<br>• Кеудеге арналған жаттығулар:допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>• солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды | Негізгі қимылдар:<br>• Еңбектеу, өрмелеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу | жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).<br>Қимылды ойындар<br>• Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>• кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру. | Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;<br>• Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру<br>• Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.<br>• Салауатты өмір салтын қалыптастыру |
| *Сөйлеуді дамыту* | • көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>• дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. | Сөздік қор.<br>• Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>• Байланыстырып сөйлеу:<br>• Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым | Сөздік қор.<br>• Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>• Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. | |
| *Көркем әдебиет* | • қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>• кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>• Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. | • Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>• Кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарауды үйрету.<br>• Көрген суреттері бойынша өз ойын айтуды қалыптастыру.<br>• Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну. | • Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>• Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| *Сенсорика* *Математика негіздері* | • қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>• түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>• түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>• заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. | • Геометриялық фигуралар.<br>• Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. | Шама<br>• Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>• Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қоршаған ортамен таныстыру* | • қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>• аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>• өзгелерге құрметпен карауға тәрбиелеу;<br>• отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; | Заттық әлем:<br>• Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Көлік, байланыс құралдары<br>• Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>• Менің Отаным - Қазақстан<br>• Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. | Заттық әлем.<br>• Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің колданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.<br>Еңбекке баулу.<br>• Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б.<br>Менің Отаным – Қазақстан<br>• Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қазақ тілі* | | • Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>• Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>• Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. | • Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>• Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкестүрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу |
| *Құрастыру* | • заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>• құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>• Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. | • Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.<br>• Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | • Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>• Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.),<br>• тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Сурет салу* | • бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>• Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. | • Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына игеру.<br>• Сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана білу.<br>• Негізгі түстерді дұрыс атауды үйрету. | • Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.<br>• Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. |
| *Мүсіндеу* | • материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>• Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. | • Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>• Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. | • Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.<br>• Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.<br>• Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Жапсыру* | • желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>• Фланелеграфта үйлерді орналастыру.<br>• Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу | • Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.<br>• Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. | • Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.<br>• Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. |

Бекітемін:
Мектеп директоры
М.С. Нидерквель
« » ----------2025ж.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 – 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Қ.Шайменов атындағы «Балдырған» шағын орталық тобы
**Топ «Балдырған» аралас жас тобы**
**Жоспардың құрылу кезені** 2025 оқу жылы қантар айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | | |
|---|---|---|---|
| | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
| *Дене шынықтыру* | • негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>• жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>• салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. | • Аяққа арналған жаттығулар:аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>• қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>• отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>• | Негізгі қимылдар:<br>• Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру;<br>Салауатты өмір салтын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қалыптастыру<br><br>• «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. |
| *Сөйлеуді дамыту* | • көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>• дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>• пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br><br>• Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br><br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br><br>• Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, | Сөздік қор.<br><br>• Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>• Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) байланыстыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. | |
| Көркем әдебиет | | • қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>• кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>• Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. | • Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>• Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>• Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. | • Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>• Сахналық қойылымдарға қатысуға үйрету. |
| Сенсорика | Математика негіздері | • қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>• түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>• қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>• заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. | Кеңістікті бағдарлау.<br>• Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>Геометриялық фигуралар.<br>• Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы | Шама<br>• Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу.<br>• Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қоршаған ортамен таныстыру* | • қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>• аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>• өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>• отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; | Еңбекке баулу<br><br>• Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>• Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>• Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Өсімдіктер әлемі<br><br>• Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>• | Еңбекке баулу.<br><br>• Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>Жолда жүру ережелері<br><br>• Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>• Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қазақ тілі* | • | Байланыстырып сөйлеу.<br>• Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>• Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>• Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. | • Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>• Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Құрастыру* | • заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылауүшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>• құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>• Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. | • Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>• Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | • Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>• Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру.<br>• Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. |
| *Сурет салу* | • бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>• Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. | • Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. | • Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>• Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Мүсіндеу* | • материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>• Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. | • Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>• Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).<br>• Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. | • Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>• Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>• Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.<br>• Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Жапсыру* | • желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>• Фланелеграфта доптарды орналастыру. | • Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>• Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.<br>• Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. | • Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру.<br>• Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. |

Бекітемін:
Мектеп директоры
М.С. Нидерквель
«2» ---------------2024 ж.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 – 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Қ. Шайменов атындағы «Балдырған» шағын орталық тобы
**Топ «Балдырған» аралас жас тобы**
**Жоспардың құрылу кезені** 2024 оқу жылы қыркүйек айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | | |
|---|---|---|---|
| | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
| *Дене шынықтыру* | • жалпы дамытушы жаттығуларды қолдану арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту: ұлттық ойындар, саусақ ойындары, қимылды ойындар, жалпы шынықтыру процедуралары;<br>• **негізгі қимыл түрлерін дамыту;**<br>• саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін және құрдастарымен<br>• бірлескен әрекетке дайындықты қалыптастыру. | • Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқауларымен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.<br>• Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын | .Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бүгу.<br>• жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау;<br>• Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>• Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. | (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет);<br>• Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. |
| *Сөйлеуді дамыту* | • көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>• дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>• пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. | • Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>• Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. | Сөздік қор.<br>• Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз),<br>• заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Көркем әдебиет* | | • қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>• кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>• Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. | • Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>• Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>• Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. | • Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға,<br>• образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға,<br>• оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. |
| *Сенсорика* | *Математика негіздері* | • қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>• түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>• қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>• түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>• заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. | Кеңістікті бағдарлау.<br>• Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>Геометриялық фигуралар.<br>• Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. | Геометриялық фигуралар<br>• Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,<br>• сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қоршаған ортамен таныстыру* | • қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>• аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>• өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;<br>• отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; | Еңбекке баулу<br>• Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>• Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>• Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. | Еңбекке баулу.<br>• Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Жолда жүру ережелері<br>• Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.<br>• Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау және т.б.) өзін дұрыс ұстауға үйрету.<br>Менің Отаным – ҚазақстанҚазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қазақ тілі* | • | • Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>• Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, 36 естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>• Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. | • Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>• Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. |
| *Құрастыру* | • заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>• үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>• құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>• Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. | • Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>• Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>• Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | • Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>• Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>• Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Сурет салу* | • бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; | • Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>• Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | • Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>• Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.<br>• Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Мүсіндеу* | • материалға ұқыпты карауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету;<br>• Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. | • Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.<br>• Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).<br>• Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. | • Балалардың көлемді пішіндер мен карапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>• Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін колдану. Кескішті колдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.<br>• Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Жапсыру* | • желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>• Фланелеграфта шарларды орналастыру. | • Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>• Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.<br>• Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. | • Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>• Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. |

Бекітемін:
Мектеп директоры
М.С. Нидерквель
«   »----------------2025ж.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024-25 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Қ.Шайменов атындағы «Балдырған» шағын орталық тобы
**Топ «Балдырған» аралас жас тобы**
**Жоспардың құрылу кезені** 2025 оқу жылы наурыз айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | | |
|---|---|---|---|
| | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
| *Дене шынықтыру* | • негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру.<br>• өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>• жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>• салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. | • заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>• қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау;<br>• қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>• Салауатты өмір салтын қалыптастыру. | • Балаларды сапқа тұрғызу, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру.<br>• Қатарға бір- бірден сапқа тұру.<br>• Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша түзелу.<br>• Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, тарсылдату. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Сөйлеуді дамыту* | • көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>• дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>• пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. | • Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>• қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>• Байланыстырып сөйлеу:<br>• Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. | • Тілдің грамматикалық құрылымы<br>• Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.<br>• зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде.<br>• зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). |
| *Көркем әдебиет* | • - қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>• - кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>• - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>• Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. | • Кітаптарға қызығушылықты ояту.<br>• Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға.<br>• бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>• Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. | • Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау.<br>• мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге.<br>• ересектермен бірге ертегі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>• Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| *Сенсорика* *Математика негіздері* | • түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>• қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту;<br>• түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту;<br>• заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. | • Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.<br>• Өлшемдері қарама-карсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою.<br>• Тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа сөздерімен белгілеу. | • Кеңістікті бағдарлау<br>• Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау.<br>• берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), т.б.<br>• заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қоршаған ортамен таныстыру* | • қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу;<br>• аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу;<br>• өзгелерге құрметпен карауға тәрбиелеу; | • Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>• Жануарлар әлемі<br>• Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. | • Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>• Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін түсіндіру.<br>• Өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылгал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>• Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қазақ тілі* | | • Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>• Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. | • Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.<br>• Түрлі балалар әрекеттеріндеөзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>• Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсерімен бөлісу<br>• Туыстық қатынасқа байланысты сөздерді ( «аға», «іні »,) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. |
| *Құрастыру* | • заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>• үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>• құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>• Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. | • Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып.<br>• құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып,<br>• дайын болған құрылыспен бірге ойнату. | • Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>• Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру.<br>• Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Сурет салу* | • бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>• Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. | • Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>• Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>• Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | • Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>• Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.<br>• Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Мүсіндеу* | • материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>• Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде<br>• пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру,<br>• қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. | • Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру.<br>• Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>• Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. | • Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>• Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.<br>• Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. |
| *Жапсыру* | • желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>• Фланелеграфта қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. | • Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>• Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.<br>• Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. | • Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>• Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.<br>• Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |

Бекітемін:
Мектеп директоры
М.С. Нидерквель
«  » --------------2025 ж.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 – 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Қ.Шайменов атындағы «Балдырған» шағын орталық тобы
**Топ «Балдырған» аралас жас тобы**
**Жоспардың құрылу кезені** 2025 оқу жылы сәуір айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | | |
|---|---|---|---|
| | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
| *Дене шынықтыру* | • негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>• жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>• салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау. | • Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық),<br>• төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру,<br>• оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға | Кеудеге арналған жаттығулар<br>• Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру.<br>• Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру.<br>• Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | домалату<br>• Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. | қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.<br>• Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. |
| *Сөйлеуді дамыту* | • көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>• дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>• пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; | Байланыстырып сөйлеу:<br>• Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>• Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету.<br>• Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету. | Байланыстырып сөйлеу<br>• Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>• Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың.<br>• ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>• Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| *Көркем әдебиет* | • қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>• кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>• Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. | • Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.<br>• Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру.<br>• Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту.<br>• Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру. | • Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту.<br>• кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>• Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Сенсорика* | *Математика негіздері* | • қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>• түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>• түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; | Уақытты бағдарлау.<br>• Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>• «Көп», «Бір» ұғымдарын ажыратып, жаңаны тануға ұмтылу, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге ындаландыру.<br>• Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.<br>• қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. | Уақытты бағдарлау<br>• Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>• Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.<br>• қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қоршаған ортамен таныстыру* | • табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>• өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>• табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және | Адамгершілікке баулу<br>• Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу:<br>• балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>• Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. | Жануарлар әлемі<br>• Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>• Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>• Бақылау барысында олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қазақ тілі* | • | • Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>• Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>• Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. | • Тілдік дамытушы орта.<br>• Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.<br>• Түрлі балалар әрекеттеріндеөзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. |
| *Құрастыру* | • заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>• үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>• құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>• Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. | • Құрастыру дағдыларын дамыту,<br>• негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге үйрету.<br>• Заттарды атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. | • Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б.<br>• айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу н<br>• бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Сурет салу* | • бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>• Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. | • Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн)<br>• заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. | • Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>• Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>• Өткенді қайталау. |
| *Мүсіндеу* | • материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>• Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. | • Қазақ халқының әшекей бұйымдарын білу, заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндей алуды үйрету.<br>• Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп,<br>• мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау. | • Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу.<br>• әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.<br>• Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Өткенді қайталау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Жапсыру* | • желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>• Фланелеграфта гүлдерді орналастыру.<br>• Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. | • Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).<br>• Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. | • Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.<br>• Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>• Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>Өткенді қайталау. |

Бекітемін:
Мектеп директоры
М.С. Нидерквель
«   » ---------------2025ж.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 – 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** Қ.Шайменов атындағы «Балдырған» шағын орталық тобы
**Топ «Балдырған» аралас жас тобы**
**Жоспардың құрылу кезені** 2025 оқу жылы мамыр айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | | |
|---|---|---|---|
| | **2-жас** | **3-жас** | **4-жас** |
| *Дене шынықтыру* | • негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;<br>• жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;<br>• салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.<br>• Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. | • Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге,<br>• ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>• Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. | Кеудеге арналған жаттығулар<br>• Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру.<br>• Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру.<br>• Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | • Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. |
| *Сөйлеуді дамыту* | • көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту;<br>• дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту;<br>• пассивті және белсенді сөздік қорды байыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып | Байланыстырып сөйлеу:<br>• Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>• Ересектердің сөзін тыңдауға үйрету.<br>• Бір-бірімен, ересектермен сөйлесуге үйретіп, естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтуды үйрету.<br>• | Байланыстырып сөйлеу<br>• Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға.<br>• шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>• Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.<br>Өткенді қайталау. |
| *Көркем әдебиет* | • қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;<br>• кітаптарға қызығушылықты дамыту;<br>• түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша | • Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну.<br>• Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді қалыптастыру.<br>• Сюжетті эмоционалды қабылдау, кейіпкерлерге | • Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>• Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. | жанашырлық таныту.<br>• Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауды дағдыландыру. | айту.<br>• кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.<br>• Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. |
| *Сенсорика* | *Математика негіздері* | • қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;<br>• түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;<br>• түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; | Уақытты бағдарлау.<br>• Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>• «Көп», «Бір» ұғымдарын ажыратып, жаңаны тануға ұмтылу, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге ындаландыру.<br>• Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.<br>• қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. | Уақытты бағдарлау<br>• Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>• Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуді меңгерту.<br>• қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуға үйрету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Қоршаған ортамен таныстыру | • табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту;<br>• өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету;<br>• табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және | Адамгершілікке баулу<br>• Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу:<br>• балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>• Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. | Жануарлар әлемі<br>• Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>• Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>• Бақылау барысында олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Қазақ тілі* | • | • Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>• Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.<br>• Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. | • Тілдік дамытушы орта.<br>• Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.<br>• Түрлі балалар әрекеттеріндеөзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Құрастыру* | • заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау<br>• үшін көру және сипап-сезу (тактилді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;<br>• құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.<br>• Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. | • Құрастыру дағдыларын дамыту,<br>• негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге үйрету.<br>• Заттарды атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. | • Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б.<br>• айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу н<br>• бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| *Сурет салу* | • бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.<br>• Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. | • Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн)<br>• заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. | • Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>• Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>• Өткенді қайталау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мүсіндеу | • материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>• Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. | • Қазақ халқының әшекей бұйымдарын білу, заттар мен бұйымдарды өзбетінше мүсіндей алуды үйрету.<br>• Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіріп,<br>• мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтау. | • Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу.<br>• әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.<br>• Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Өткенді қайталау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жапсыру | • желімсіз жапсыру техникасын игеру.<br>• Фланелеграфта гүлдерді орналастыру.<br>• Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. | • Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау).<br>• Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. | • Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.<br>• Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>• Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>Өткенді қайталау. |